

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Білім алушыларға тәрбие беруде Елбасының "Мәңгілік Ел" идеясын жүзеге асыру

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.08.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/79041/>

Білім алушыларға тәрбие беруде Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру
Баймағамбетов Ерлан Русланұлы

Адамды тәрбиелеу — демек оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу. А.С. Макаренко

Адамзат тіршілігінің қалыптасуына және дамуына барлық ғасырлар бойы жәрдемдескен білім беру ортасы. Жас ұрпақты оқытатын үнемі ізденістегі, шығармашыл мұғалім адами қоғамның бөлшегі болып табылады. Әр шәкірт дамуға лайықталған тұлға және ол барлық жаңашылдықты қызығушылықпен қамтиды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы», – деп атап көрсеткен болатын. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асырудың іргетасы білім беру ұйымдарында қалануы тиіс.

Бүкіл қазақстандық бірегейлік пен азаматтық принципті одан әрі нығайтуға, «Мәңгілік Ел» идеясы базасына біріктірілген құндылықтарды, тілдердің үштұғырлылығын, қазақ ұлтының негізі ретінде орта тапты дамытуға негізделген болашақ біртұтас ұлт қана азаматтық орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасы болады.

«Мәңгілік Ел» – бұл біздің бірлігіміздің қуатының қайнар көзі.

«Мәңгілік Ел» – барша қазақстандықтарды біріктіретін біздің Тәуелсіздігіміздің сенімді рухани тірегі.

«Мәңгілік Ел» – бұл қазақстандық мемлекеттіліктің терең тарихын айшықтайтын жалпыхалықтық идея!

«Мәңгілік Ел» – бұл өз атамекеніне деген сүйіспеншіліктің белгісі, қазақстандық патриотизмнің жоғары деңгейі, рух күші, Отанға адалдық, еліне шынайы берілгендік, азаматтық борыш!

Жалпы, біз ұлттың бірлігі, толеранттылық және еркіндік пен теңдік туралы

халқымыздың сан ғасыр бойғы армандарының орындалуына бағытталған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың саяси бағытын қолдауымыз керек. Себебі, Қазақстан атты туған еліміз күннен-күнге көркейіп, гүлденіп келеді. Егер биік белестерді бағындырамыз десек, алдымызға ұлы мұраттар мен асыл мақсаттар қоя білгеніміз жөн. Сонда ғана Қазақстан дүниежүзінде беделді, белгілі, айшықты орынға ие болары сөзсіз. Әрине, дамыған алпауыт елдердің қатарына қосылу үшін әлі де қажырлы еңбек ету қажет. Алайда осы жолда бізге ешқандай кедергі келтірілмегенін ескерген жөн. Бүгінде Қазақстан жастары әлемнің қай елінен білім аламын десе де өз еркі. Тек жиған білімі мен талабы болса болғаны. Сол үшін ел болашағы жалынды жастардың қолында екенін естен шығармаған жөн. Ал жас ұрпақ өз кезегінде сапалы білімнен нәр алып, алға қойған мақсатына жету жолында аянбай тер төгуі қажет.

«Мәңгілік Ел» жалпыхалықтық идеясын жүзеге асыру жағдайында өскелең ұрпақтың патриотизмін және тағаттылығын тәрбиелеу, рухани-адамгершілігін қалыптастыру мақсатында қол жеткізуге белсенді қатысатын тұлға қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Елдегі орын алған оң өзгерістер білім беру ұйымдары қызметінің тәрбие жүйесінде өз көрінісін тауып отыр. Тәрбие ісінде жалпы қазақстандық менталитетті, мәдени, ұлттық-тарихи дәстүрлерді ескере отырып, ұлттың зияткерлік, рухани және шығармашылық әлеуетін жаңғырту үшін жағдайлар жасалуда.

Сонымен қатар, балалар мен жастардың азаматтық позициясы, патриоттық сезімі мен адамгершілік қасиеттерінің қалыптасу деңгейі жеткіліксіз болып отыр. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс жоғары, нашақорлық, суицид, жастар ортасына экстремистік және радикалдық идеялар мен көзқарастардың енуі және тағы басқа келеңсіз құбылыстар байқалады.

Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт», — деп келешек ұрпақты ұлттық құндылықтар жүйесінде тәрбиелеуге ой салады және де бұл педагогикалық аса маңызды мәселе екенін меңзейді. Бүгінгі жаһандану үрдісінде әр ұлт, әр мемлекет өзіндік менталитетін, өзіндік бет-бейнесін сақтап қалуға тырысуда.

Бізді де осы үрдістен алып шығар-ежелден қалыптасқан ұлттық құндылықтарымыз және білімді ұрпақ. Сол себептен жас ұрпақты тәрбиелеуде басты ұстанар бағытымыз — ұлттық құндылықтар болуы қажет.

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға, Қазақстанның патриоты-азаматын тәрбиелеуде ата-аналармен қатар мектептің, оның ішінде класс жетекшілерінің ықпалы зор.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Қазақстан Республикасы Білім туралы заңында жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізі ұстанымдарын айқындап берді. Олар: Қазақстан Республикасының барлық

адамзатының білім алуға тең құқылығы, әрбір адамзаттың интеллектуалдық дамуы, халық үшін білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылуы. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Оқушы бойына ұлттық тәрбиенің құндылықтары және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерді қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт — дәстүр, халық тағылымдары және т.б. мәселелеріне тоқталып өткеніміз жөн. Қазақ мәдениеті — ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Жалпы адамзаттық құндылық қасиеттер ұлттық тәрбиемен ұлттық мәдениеттің дамуындағы қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихы тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс – тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы – халық мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың Баланың бойына ұлттық құндылықтың нәрін сеуіп, азамат қылып өсіру ұстазға да байланысты. Тәрбиенің түп қазығы мұғалімнен бастау алады. Сондықтан да ұстаздың білімді де білікті болуы керек. «Білім туралы» заңда «Педагогикалық қызметкер мәртебесі» бөлімінің енгізілуі бізді қуантады әрі үлкен жауапкершілік жүктейді. (ұлттың) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан.

Ал, қазіргі тәрбие беруде жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерінің мәселесі – адамзат тарихынан өн — бойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бұл адамзаттың өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып Қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтар мен ар тазалығы және жалпы

адамзаттық қасиеттерді жатқызамыз.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қалың елім, Қазағым» атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескерте келе былай деп жазды: «Біз арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім»- дегенді.

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Оқушының жалпы адамзаттық қасиеттеріне достық, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілдік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайлығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Әрбір ұлттың ұлттық тәрбиеге дамып, қалыптасқан.

Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр

адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады».

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адамгершілік — ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы — мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Тәрбие беруде жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру — ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы — халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен мектеп қызметкерлерінің бірден бір парызы. Оқу тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда ата-аналармен жұмыстың орны орасан. Сондықтан біздің мектептерде ата-аналармен жұмыстардың алуан түрлері іске асырылуда. Онда «Білгенге маржан», «Қауіпсіздік ережесі», «Ата-аналарға кеңес» деген бұрыштар бар.

Ата-аналармен жүргізілген әңгіме — кеңесте бала тәрбиесі мәселесінде ата-ананың жауапкершілігі зор екендігі, баланың отбасында адам баласына тән қасиеттерге дағдыланып ұяда көргенінен өнеге алатындығы сөз болды.

Оқушылар бойына ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық қасиеттерді қалыптастыру мен құрметтеуге, сақтауға тәрбиелеуде белгілі әлемдік, отандық ғалымдардың еңбектерін пайдалануға болады. Осы арқылы оқушының мәдениетті, білімі кеңейеді. Оқушының мәдениетті болуы үшін ұлттық мәдениетті ұштастыруы қажет. Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектепішілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеру — тәрбиеге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты.

Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, «Ұстазға қарап шәкірт өсер» деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан.

Қазіргі таңдағы мұғалімдерге оқушылардың тәрбие жұмысын ұйымдастыруды қатаң талаппен сұрайды. Оған негізінен мынадай үш түрлі басты міндет жүктеледі.

ü тәрбие жұмысын үйлестіріп отыру;

ü сыныпта оқушылармен бүкіл тәрбие жұмысын ұйымдастырып, оған бағыт беру;

ü мектеппен отбасының байланысын жасау;

Мұғалім, ұстаздардың жұмысы қиын, жауапты, өте күрделі. Сондықтан балаларға сүйіспеншілікпен қарап, барлық күш-жігерін салмаса, оны талапқа сай орындау қиын. Қазіргі оқушылардың ақыл-ойының дамуын зерттеу т.б. мәліметтерді әр кезде біліп

отыру, тестік әдісті қолдану мектептерде орын ала бастады.

Әсіресе баланың даму барысын есепке алу, бейімділігін, қызығушылықтарын, сабаққа деген көзқарасын т.б. кейбір объективтік көрсеткіштерді назардан тыс қолдануға болмайды. Мектептің жүрегі мұғалім болса, сыныппен жүргізетін сынып жетекшісі. Мектептің ата-аналарымен жүргізетін жұмысының ерекшелігі осы екі жақтың байланысы мен әрекеті бірлігінің тұрақтылығынан көрінеді. Бұл тұрақтылықты ең алдымен сынып жетекшісі қамтамасыз етеді. Ол мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыруда жетекші қызмет атқарады. Мектептің баланы тәрбиелеуіне қатысты саясатын отбасының түсінуі, соның жұмысына байланысты.

Ойымды тұжырымдай келе оқушылардың ұлттық құндылықтары мен жалпы адамзаттық қасиеттерін сыныптан тыс тәрбиелік іс-шаралар арқылы қалыптастырып, ғылыми тұрғыда дәлелдеп дамыту біздің тікелей парымыз.

Қазіргі таңда мұғалімге қойылатын талаптар мен оның дәстүрлі оқыту стилінен сындарлы оқыту теориясына негізделген оқыту тәсілдеріне көшуді «Егер саған бір балық берсе, сен бір күн тоқ жүресің, егер саған екі балық берсе, екі күн тоқ жүресің, ал егер сені балық аулауға үйретсе, сен өмір бойы тоқ боласың» деген халық даналығымен аяқтап, біз, мұғалімдер, қауымы оқушыларға өміріне азық болатындай және алған білімдерін өмірде қолдана алатындай білім беруіміз керек.

Елбасымыз Мәңгілік Елге жетелейтін, мақсатты әрі мәртебелі жолды жалғастыратын жастарға, яғни бізге үлкен сенім артып отыр. Себебі, ел болашағын баянды ететін, үлкендер салып кеткен сара жолды жалғастыратын – жастар! Сол себепті, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылу жолында аянбай еңбек ету біздің де азаматтық парымыз. Қазақ Елін төрткүл дүниеге таныту да жас ұрпақтың қолында десек, осы жолда аянбай еңбек ете білуіміз қажет. Елбасының жастарға көбірек сенім артуы – осының айшықты дәлелі. Және бұл туралы Елбасы өз сөзінде жастарға қарата былай деген болатын: «Бұл Стратегия Сіздерге арналған. Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Елдің болашағын бірге жасаңыздар!». Иә, біз, өз еліміздің жалынды жастары, өзімізге артылған сенім мен үмітті ақтап, жарқын болашақ жолында қызмет етуіміз керек. Біз, сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыз аңсаған азаттыққа қол жеткізген, тәуелсіз Қазақстанда дүниеге келіп, ер жеттік. Еліміз болашағы біздің қолымызда. Ол үшін сапалы білімнен нәр алып, өз Отанымыздың болашағына кішкентай болса да еңбек етуіміз қажет. Ал жоғары білім алуға бізде барлық мүмкіндіктер жасалған. Тіпті, өз елімізден тыс өзге де әлемнің алпауыт мемлекеттерінде білім алуға да жол ашық. Бір ғана мемлекеттік «Болашақ» Бағдарламасы аясында жас ұрпақ дүниежүзінің ең таңдаулы оқу орындарында оқып, білімін жетілдіруде. Сондықтан білімді, білікті, ұшқыр ойлы, саналы, өз елінің патриот жастары бар міндетті жүрегімен сезінсе екен. Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ену – Қазақстан жастарына жүктелген зор міндет деп санаймыз. Біз, жастар, өз білімімізбен, ұтқырлығымызбен, ойшылдығымызбен, жаңашылдыққа деген құштарлығымызбен осы мұратқа жету жолында аянбай еңбек етейік. Сонда, «Қазақстан- 2050» Стратегиясын орындау да,

оның жемісін көру де бізге тиесілі болмақ. Қандай болсын, мемлекеттік бағдарламаларды, саяси ірі-ірі шешімдерді жүзеге асыратын да, жемісін көретін де – жастар. Сондықтан, өзімізге артылған сенімді ақтау жолында үлкен жауапкершіліктің тұрғанын сезінейік.

Елбасының жастар саясаты дамуын нақтылай түскенін – Бізге артылған үлкен сенім деп қабылдайық. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген сөз бар қазақта. Сонда ғана елімізді төрткүл дүниеге танытып, болашағын жарқын ете аларымыз хақ.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.